

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**

Бекітемін:

Меңгерушісі: Бисебаева. А.Қ



Келісемін:

Әдіскері: Усенгалиева.А.Е



Ата-ана жұмыс жоспары ортаңғы

«Балапан»тобы 2025-2026ж

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Ата-ана жұмыс жоспары ортаңғы «Балапан» тобы 2025-2026 жыл.

№	Айы	Жұмыс түрі	Тақырыбы	Мақасты	Жауапты адамдар
1	Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы	«Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы	Жаңа оқу жылындағы міндеттер мен таныстыру.	Меңгеруші. .Әдіскер. Психолог. Байманова А. Г. Қазыбаева Д .Д.
2	Қыркүйек	Сауалнама	«Балаңыз қандай?»	Баланың қызығушылығы н анықтау.	Психолог. Байманова А Г Қазыбаева Д Д
3	Қазан	Кеңес беру	4-5 жастағы баланың даму ерекшелігі»	Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету.	Психолог Байманова А. Г. Қазыбаева Д. Д.
4	Қазан	Көрме	«Күз сыйы»қолөнер көрмесі	Отбасылық шығармашылық ты дамыту.	Тәрбиешілер: Байманова А. Г. Қазыбаева Д .Д.
5	Қараша	Ашық есік күні	«Біз қалай ойнаймыз?»	Балабақша жұмысымен таныстыру.	Тәрбиешілер: Байманова А. Г. Қазыбаева Д. Д.
6	Қараша	Папка жылжымалы	«Дұрыс тамақтану»	Салауатты өмір салтын насихаттау.	Тәрбиешілер: Байманова А. Г Қазыбаева Д .Д.
7	Желтоқсан	Ертеңгілік	«Аспан әлеміндегі Жаңа жыл!»	Ата-аналарды мерекеге қатыстыру.	Тәрбиешілер: Байманова А. Г. Қазыбаева Д. Д.
8	Қаңтар	Дөңгелек үстел	«Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі»	Тәрбие бойынша тәжірибе алмасу.	Тәрбиешілер: Байманова А. Г. Қазыбаева Д .Д.
9	Ақпан	Шеберлік сағаты	«Әкем,анам және мен»	Отбасылық байланысты нығайту.	Тәрбиешілер: Байманова А .Г. Қазыбаева Д .Д.
10	Наурыз	Мерекелік іс	«Анашым –асыл	Анаға құрмет сезімін	Тәрбиешілер: Байманова А. Г.

		шара	қазынам»	қалыптастыру	Қазыбаева Д. Д.
11	Сәуір	Экологиялық акция	«Жасыл балабақша»	Табиғатты аялауға тәрбиелеу	Тәрбиешілер: Байманова А. Г. Қазыбаева Д. Д.
12	Мамыр	Қорытынды жиналыс	«Бір жылда не үйрендік?»	Жылдық нәтижені қорытындылау.	Тәрбиешілер: Байманова А. Г. Қазыбаева Д. Д.

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

**Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы: жаңа оқу жылындағы
міндеттермен таныстыру»**

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Ата-аналар жиналысы.

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы: жаңа оқу жылындағы міндеттермен таныстыру»

Мақсаты:

Ата-аналарды 2025-2026 оқу жылының жоспарымен таныстыру;

Балабақшамен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

Баланың жан-жақты дамуына бірлескен жауапкершілік қалыптастыру.

Міндеттері:

Ата-аналармен жылы қарым-қатынас орнату,

Топтың күн тәртібі мен талаптарын түсіндіру,

Балалардың жас ерекшеліктері туралы ақпарат беру;

Бірлескен жұмыс түрлерімен таныстыру.

Көрнекіліктер;

Слайд

Шарлар

«Қош келдіңіздер!»жазуы

Балалардың суреттері

Жылдық жоспар папкасы

Жиналыс барысы.

1.Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші: Қайырлы күн,құрметті ата-аналар!

Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз! Бала тәрбиесі- балабақшамен отбасының ортақ міндеті. Сондықтан бүгінгі жиналысымызда жаңа оқу жылындағы жоспарларымен бөлісіп,бірлескен жұмыс бағыттарын талқылаймыз.

2. Таныстыру тренингі.

«Менің баламның ерекшелігі»

Шарты:

Әр ата-ана өз баласының есімін айтып,бір жақсы қасиетін атайды.

Мысалы:

- . Адина-белсенді
- . Нұрғасыр- ақылды
- . Шахназ-мейірімді

3.Негізгі бөлім.

2025-2026 оқу жылындағы міндеттері:

- . Балалардың денсаулығын нығайту;
- . Танымдық қабілеттерін дамыту;
- . Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- . Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- . Қауіпсіздік ережелерін үйрету.

4.Ата-аналармен жұмыс жүргізу.

- . Ашық есік күні .
- Мерекелік шаралар .
- Көрмелер .
- Тренингтер .
- Сауалнамалар .
- . Дөңгелек үстел .
- Бірлескен ойындар.

5. Сауалнама жүргізу.

«Балабақшадан не күтеміз?»

- 1.Балаңыздың қандай қабілеті дамығанын қалайсыз?
- 2.Қандай ұсыныстарыңыз бар?
- 3.Қандай шаралрға қатысқыңыз келеді?

6. Пікір алмасу.

Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстары тыңдалады.

7.Қорытынды.

Тәрбиеші сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Балалардың жарқын болашағы үшін бірлесе жұмыс атқарамыз деп сенеміз.
Ынтымақтастығымыз берік болсын!

Ата-аналарға ұсыныс.

Баламен көбірек сөйлесу

Кітап оқу

Телефон уақытын шектеу

Күн тәртібін сақтау

Баланы мадақтап отыру.

Қорытынды тренинг.

«Жылы тілек»

Ата-аналар бір-біріне жаңа оқу жылына жылы тілектер айтады.



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Сауалнама

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Балаңыз қандай?»

(Ата-аналарға арналған)

Құрметті ата-ана!

Сауалнама сұрақтарына шынайы жауап беруіңізді сұраймыз. Бұл балаңызды жақсырақ тануға көмектеседі.

Балаңыздың аты-жөні: _____

Балаңыз үйде көбіне қандай көңіл күйде жүреді?

- ☐ Көңілді
- ☐ Сабырлы
- ☐ Ұялшақ
- ☐ Ашуланшақ

Балаңыз адамдармен тез тіл табыса ма?

- ☐ Иә
- ☐ Жоқ
- ☐ Кейде

Қандай ойындарды жақсы көреді?

Балаңыз өз ойын еркін жеткізе ала ма?

- ☐ Иә
- ☐ Кейде
- ☐ Жоқ

Үйде қандай ертегі немесе мультфильм көруді ұнатады?

Балаңыздың ерекше қабілеті бар ма?

- ☐ Ән айту
- ☐ Би билеу
- ☐ Сурет салу

☐ Өлең айту

☐ Құрастыру

☐ Басқа: _____

Балаңыз үй шаруасына көмектесе ме?

☐ Иә

☐ Кейде

☐ Жоқ

Қандай тағамды жақсы көреді?

Балаңыздың мінезін 3 сөзбен сипаттаңыз.

Балабақшадан қандай нәтиже күтесіз?

Сауалнамаға қатысқаныңызға рақмет! ☺

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Кеңес беру

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Кеңес беру

Тақырыбы: «4 жастағы баланың даму ерекшелігі»

Құрметті ата-ана!

4-5 жас – баланың жан-жақты дамып, қоршаған ортаны белсенді танып-білетін ерекше кезеңі. Бұл жаста бала тілдік, танымдық, эмоционалдық және қимыл-қозғалыс қабілеттерін қарқынды дамытады.

4 жастағы баланың даму ерекшеліктері

Танымдық дамуы

Түстерді, пішіндерді ажырата алады.

5–10 көлемінде санауға талпынады.

Қарапайым сұрақтарға жауап береді.

Ертегі мен әңгімелерді қызығушылықпен тыңдайды.

Заттарды салыстырып, айырмашылығын таба алады.

Тілдік дамуы

Сөздік қоры көбейеді.

Өз ойын қысқаша жеткізе бастайды.

Өлең, тақпақ жаттауға қызығады.

«Неге?», «Қалай?» деген сұрақтарды жиі қояды.

Қимыл-қозғалыс дамуы

Жүгіру, секіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеті дамиды.

Қарындаш, қылқаламды дұрыс ұстауға үйренеді.

Ұсақ моторикасы жетіле бастайды.

Әлеуметтік-эмоционалдық дамуы

Құрдастарымен ойнауға қызығады.

Рөлдік ойындар ойнайды.

Мақтау мен қолдауды қажет етеді.

Кейде қырсықтық, реніш байқалуы мүмкін.

Ата-аналарға кеңес

- ✓ ☐ Баламен күн сайын сөйлесіп, пікірін тыңдаңыз.
- ✓ ☐ Бірге кітап оқып, ертегі айтыңыз.
- ✓ ☐ Қимылды және дамытушы ойындар ұйымдастырыңыз.
- ✓ ☐ Баланың жетістігін мадақтап отырыңыз.
- ✓ ☐ Күн тәртібін сақтауға дағдыландырыңыз.
- ✓ ☐ Телефон мен теледидар уақытын шектеңіз.

Қорытынды

Әр бала – жеке тұлға. Баланың дамуы бір-біріне ұқсамауы мүмкін. Ең бастысы – ата-ананың мейірімі, қолдауы және дұрыс тәрбиесі.

«Балаға берілген ең үлкен тәрбие – сүйіспеншілік пен көңіл бөлу».



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Күз сыйы» қолөнер көрмесі.

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Күз сыйы» қолөнер көрмесі.

Құрметті ата-аналар мен бүлдіршіндер!

Балабақшамызда өтетін

“Күз сыйы” атты табиғи материалдардан жасалған қолөнер көрмесіне шақырамыз!

Көрменің мақсаты: – балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, күз мезгілінің әсемдігін сезіндіру және ата-ана мен бала арасындағы бірлескен еңбекті арттыру.

Көрмеге жапырақ, көкөніс, жеміс-жидек, табиғи материалдардан жасалған ерекше бұйымдар қабылданады.

«Күздің ғажайып сыйын бірге тамашалайық!»

Көрмеге идея ретінде:

Асқабақтан ертегі кейіпкерлері;

Жапырақтан сурет;

Жаңғақ,бүршік,дәндерден композиция;

Жеміс көкөністерден жануарлар жасау.



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Біз қалай ойнаймыз?»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Ашық есік күні

Тақырыбы: «Біз қалай ойнаймыз?»

Балабақша жұмысымен таныстыру

Мақсаты:

Ата-аналарды балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстарымен, балалардың күн тәртібімен және ойын арқылы даму ерекшеліктерімен таныстыру.

Іс-шара барысы

1. Қонақтарды қарсы алу

Ата-аналарды жылы қарсы алу

Топпен таныстыру

Көрме ұйымдастыру

Балалардың суреттері

Қолөнер жұмыстары

Дидактикалық ойындар

2. Тәрбиешінің кіріспе сөзі

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі «Біз қалай ойнаймыз?» атты ашық есік күнімізге қош келдіңіздер!

Балабақшада бала ойын арқылы дамып, қоршаған ортаны таниды, достыққа, ұйымшылдыққа үйренеді. Бүгін сіздер балалардың күнделікті ойын әрекеттері мен оқу қызметтерін тамашалайсыздар.

3. Балабақша жұмысымен таныстыру

Күн тәртібімен таныстыру

Балаларды қабылдау

Таңғы жаттығу

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Ойын орталықтары

Серуен

Түскі ас

Тынығу уақыты

Еркін ойын

4. Ойын орталықтарын таныстыру

«Құрылыс орталығы»

Балалар түрлі конструкторлармен жұмыс жасап, ойлау қабілеттерін дамытады.

«Шығармашылық орталығы»

Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу арқылы балалардың қиялы дамиды.

«Кітап бұрышы»

Ертегі тыңдау, сурет қарау арқылы тіл байлығы қалыптасады.

«Рөлдік ойындар»

«Дәрігер», «Дүкен», «Отбасы» ойындары арқылы қарым-қатынас мәдениеті дамиды.

«Қимылды ойындар»

Балалардың денсаулығын нығайтып, ептілікке тәрбиелейді.

5. Балалардың ойын әрекетін көрсету

Дидактикалық ойын

Қимылды ойын

Музыкалық сергіту сәті

Ата-анамен бірлескен ойын

6. Ата-аналармен кері байланыс

Пікір алмасу

Сұрақ-жауап

Тілек жазу

Қорытынды

Құрметті ата-аналар!

Бала өміріндегі ойынның маңызы зор. Ойын арқылы бала дамып, үйреніп, тәрбиеленеді. Балабақша мен отбасы бірлесе жұмыс жасағанда ғана бала жан-жақты дамиды.

Назар қойып қатысқандарыңызға рақмет!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

**Тақырыбы: «Дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтының
негізі»**

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Папка-жылжымалы

Тақырыбы: «Дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтының негізі»

«Денсаулық – зор байлық!»

Балалардың дені сау, белсенді болып өсуі дұрыс тамақтануға байланысты.

Дұрыс тамақтанған бала:

көңілді болады;

тез дамиды;

иммунитеті күшейеді;

жақсы ұйықтайды;

белсенді ойнайды.

Ұраны:

«Дұрыс тамақтан — денің сау болсын!»

Балаларға пайдалы тағамдар:

Сүт, айран, қатық Көкөністер

Жемістер

Жұмыртқа

Ботқалар

Ет пен балық

Таза су

Күнде жеу керек:

алма

сәбіз

банан

қияр

сүзбе

ботқа

Есте сақта!

Тамақты уақытында ішу – денсаулық кепілі.

Зиянды тағамдар

Балаларға жиі беруге болмайтын тағамдар:

Газды сусындар

Чипсы

Фастфуд

Тым тәтті тағамдар

Көп майлы тағамдар

Неге зиян?

Тісті бұзады

Асқазанға зиян

Әлсіздік тудырады

Тәбетті төмендетеді

Кеңес:

Балаларға табиғи әрі үй тағамдарын көбірек ұсыныңыз.

Салауатты өмір салты

Дұрыс тамақтанумен қатар:

Көп қимылдау

Уақытында ұйықтау

Тазалық сақтау

Су ішу

Таза ауада серуендеу маңызды.

Балаға күн тәртібін үйретіңіз:

Қол жуу

тамақтану

ұйықтау

Ұраны:

«Дені саудың – жаны сау!»

Ата-аналарға кеңес

Баламен бірге тамақтаныңыз

Үй тағамдарын дайындаңыз

Көкөніс пен жемісті күнделікті беріңіз

Тамақ ішкенде телефон қолданбаңыз

Балаға су ішуді әдетке айналдырыңыз

Қорытынды:

Бала денсаулығы – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті.

Таңертеңгі жаттығу

Уақытылы

Ерте



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Аспан әлеміндегі Жаңа жыл»!

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Аспан әлеміндегі Жаңа жыл»!

1-бөлім.Кіріспе.

Космонавт музыка әуенімен залға ракетамен ұшып , залды бір айналып өтеді де ракетамен төрге қонады.Ракетадан түсіп құттықтау тілегін айтады.

2-бөлім..Космонавтардың шығуы:

Армысыздар,құрметті ата-аналар мен балабақша ұжымы!

Бүгін біз ерекше,ғажайып мерекеге жиналдық.

Бұл-аспан әлемінен келген космонавтардың Жаңа жылдық мерекесі. Қәнекей,кішкентай қонақтарымызды қарсы алайық!

(Ғарыш әуенімен космонавт балалар шығады).

Би: «Космонавтар»

Жүргізуші: Балалар Аспан әлемінен бізбен бірге қонаққа Өзге ғаламшар -ларда келген екен.Қәне,ендеше Өзгеғаламшар достарымызды қарсы алайық.

3-бөлім. Өзгеғаламшарлар:

Сәлеметсіздер ме,Жер тұрғындары!

Біз-ғарыштан ұшып келген Өзгеғаламшармыз!

Алыс жұлдыздар мен планеталарды аралап,

Сіздерді Жаңа жылмен құттықтауға келдік.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Армандарыңыз аспанға самғасын!

Бәрі бірге: Біз сіздерге ғарыштан.

Жұлдыздай жарқын жыл әкелдік!

4-бөлім. Би: «Өзгеғаламшарлар»

Жүргізуші: Балалар біздерге кімдер жетіспей тұр,кім жоқ?

Балалар: Аяз ата мен ақшақар дұрыс айтасыздар ендеше, дауыстап шақырайық.

Балалар: Аяз ата,Ақшақар ау-ау-аууу.

5-бөлім. Аяз ата мен Ақшақардың және де ескі жылды қарсалу.

(Қоңырау үні)

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Ғарыштан келген достарды көріп қуанып тұрмын!

Аяз ата: Ойпырмай,қандай батыр космонавттар!

Жаңа жылға жақсы дайындалыпсыңдар ғой!

Жаңа жыл Жылқы кіреді.

Жаңа жыл –жаңа үміттің,жаңа мақсат пен жарқын болашақтың бастау. Келер
2026-шы жыл әр шаңыраққа бақыт,береке,денсаулық пен табыс әкелсін! Баршаңызды
Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

6-бөлім. Хор: «Жаңа жыл»

7-бөлім. Балалардың құттықтауы:

1.Ахмедияр: Жаңа жыл,Жаңа жыл,
Жаңа жылда жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында ,
Билеп барлық бала жүр.

2.Айсауле: Тамаша,тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

3.Шахназ: Мол сыйлықпен келер ол,
Шырқатып ән салар ем.
Жылдамырақ келсе екен,
Бізге сыйлық берсе екен.

4.Айым: Тамаша,тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.

Жаңа жылда ертегі,
Келе ме біздің бақшаға.

5.Аяла: Қорықпаймыз аяздан,
Шымшыса да бетімді.
Аппақ қарды кешеміз,
Киіп алып етікті.

6.Дарина: Даламызға,қаламызға,
Жаңа жыл келіп кіреді.
Қартыңызға,жалпыңызға,
Жалынды сәлем береді.

7.Инжу: Көрдің бе Аяз атаны,
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да,
Аппақ екен шапаны.

8.Заңғар: Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын жанашыр,
Ата-әже,әке-ана.
Құтты болсын Жаңа жыл.

9.Дінмұхаммед Е: Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсалып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

10.Мустафа: Ән саламыз,би билеп,
Жырдан шашу төгілді.
Бүгін біздің Жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді.

11.Демеу: Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

12.Марғұлан: Бізбен бірге ойнайды,
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты,
Болса екен деп ойлайды.

13.Шамшырақ: Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

14.Ернар: Аязды келіп қыс,
Алғашқы қар ұшты.
Аппақ болып үстіміз,
Ақ қырау жабысты.

15.Аделя: Аяз ата жол салып,
Ақ боранмен алысқан.
Балаларға базарлық,
Алып келді алыстан.

8-бөлім. Ойын: «Жұлдыздарды жина»

Мақсаты: Түстерді ажырату.

Еденге түрлі түсті жұлдызшалар шашылады. Жаңа жыл айтқан түстегі жұлдызды тез жинайды.

9-бөлім. Балалардың құттықтау тақпақтары.

16.Айзия: Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.

Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

17.Әмина:

Дала нұр, қала нұр,
Құтты болсын Жаңа жыл.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

18.Асылым:

Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Нұр жайнаған ажары,
Сағындық аяз атаны.

19.Кәусар:

Қыстың күні көңілді,
Көп қызықты көреміз.
Шығып алып далаға,
Сырғанақты тебеміз.

20.Томирис:

Шанамызға мінеміз,
Мәз-мәйрам боп күлеміз.
Жарысамыз бәріміз,
Жарасып тұр сәніміз.

21.Димаш Қ:

Кең пейілді, мол мейірлі,
Сағынышпен табысқан.
О, алақай, аяз атай,
Келе жатыр алыста.

22.Аймағамбет:

Сәлем саған Жаңа жыл,
Жаңа бақыт, Жаңа нұр.

23.Бекасыл:

Жаңа жыл, Жаңа жыр,
Төгілсін жаңа нұр.

Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне, Жаңа жыл.

24.Мейірхан:

Ән саламыз, билеп,
Жырдан шашу төгілді.
Бүгін біздің Жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді.

25.Нұрғасыр:

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

26.Адина:

Не ойласаң Жаңа жылда,
Орындалады бар арман.
Жаңа жылды сондықтан,
Күтеді барлық балақан.
Келді, міне жаңа жыл!
Шаттық сыйлап әр үйге!
Жаңа бақыт, жаңа нұр,
Үлкен, кіші, сәбиге.
Жаңа жауған ақ ұлпа,
Қар жамылды даламыз.
Балаларды сағынта,
Келді Аяз атамыз.

10-бөлім. Хор: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Аяз ата балалардың сыйлықтарын таратады.

Қорытынды: Аяз ата, Ақшақар, Ескі жылды шығарып салу.

Аяз ата: Жарайсыңдар балалар!

Ақылды батыл,білімді болыңдар! Сау болыңыздар!

Космонавттар бірге: Жаңа жыл құтты болсын!

Бақыт шаттық,молшылық әкелсін!

Жүргізуші: Осы мен біздің «Аспан әлеміндегі Жаңа жыл» мерекеміз аяқталды.Келгендеріңізге көп-көп рахмет!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі»

Мақсаты:

Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі отбасының маңызын түсіндіру, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балаға дұрыс тәрбие берудегі ортақ жауапкершілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктерін талқылау;

Ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты пікірлерімен бөлісу;

Баланың тұлғалық дамуына әсер ететін факторларды анықтау;

Балабақша мен ата-ана байланысын күшейту.

Көрнекіліктер:

Нақыл сөздер;

Слайд немесе суреттер;

Түрлі-түсті қағаздар;

Жүрекше, күн бейнелері;

Музыкалық сүйемелдеу.

Барысы:

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы – «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі».

Бала – отбасының айнасы. Оның тәрбиелі, мейірімді, білімді болып өсуі ең алдымен отбасындағы берілген тәрбиеге байланысты. Сондықтан бүгін біз бала тәрбиесіндегі ата-ананың орны туралы пікір алмасамыз.

II. Танысу тренингі

«Менің балам қандай?»

Ата-аналар өз баласының есімін айтып, бір жақсы қасиетін атайды.

Мысалы:

«Менің қызым Аяла – мейірімді.»

«Менің ұлым Заңғар– ақылды.»

III. Пікір алмасу

Сұрақтар:

Бала тәрбиесінде ең маңыздысы не деп ойлайсыз?

Балаға қандай тәрбие беру керек?

Баламен күніне қанша уақыт сөйлесесіз?

Баланың бойындағы жақсы қасиеттер қалай қалыптасады?

Балабақша мен отбасының байланысы қандай болуы керек?

IV. Жағдаяттық сұрақтар

1-жағдаят:

Балаңыз ойыншықтарын жинамай қойды. Не істейсіз?

2-жағдаят:

Бала басқа баланы ренжітті. Қалай түсіндіресіз?

3-жағдаят:

Бала телефонды көп қарайды. Қандай шешім қабылдайсыз?

V. Сергіту сәті

«Бақытты отбасы»

Ата-аналар отбасы туралы жылы сөздер айтады:

Мейірім

Сыйластық

Қамқорлық

Бірлік

Түсіністік

VI. Қорытынды бөлім

Жүргізуші сөзі:

Отбасы – бала тәрбиесінің алтын бесігі.

Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ іс.

Тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу үшін ата-ана мен балабақша әрқашан бірлесе жұмыс жасауы қажет.

Ата-аналарға арналған кеңес:

Балаңызды жиі мақтаңыз;

Оның пікірін тыңдаңыз;

Бірге уақыт өткізіңіз;

Телефоннан гөрі, жылы сөзді көбірек сыйлаңыз;

Баланы қорқытпай, түсіндіру арқылы тәрбиелеңіз.

Қорытынды нақыл сөз:

«Бала тәрбиесі — бесіктен басталады.»

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.»

Ата-аналарға тілек:

Бала тәрбиесінде береке мен бірлік серік болсын!

Әр шаңырақтан бақытты баланың күлкісі естілсін!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Әкем, анам және мен»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тексерілді: 

Тақырыбы: «Әкем, анам және мен»

Мақсаты:

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, бірлескен шығармашылық арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Отбасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті арттыру;

Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты күшейту;

Бірлескен жұмыс арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Шеберлік сағатының барысы

I. Қонақтарды қарсы алу

Әуен ойнап тұрады.

Отбасылар дөңгелене жайғасады.

Тәрбиешінің сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар мен балалар!

Бүгінгі «Әкем, анам және мен» атты шеберлік сағатымызға қош келдіңіздер!

Отбасы – әр адамның ең жақын, ең ыстық мекені. Бала тәрбиесінің бастауы да – отбасы.

Бүгін біз бірге ойнап, бірге жасап, отбасылық жылулықты сезінетін боламыз.

II. Таныстыру бөлімі

Әр отбасы өздерін таныстырады.

Отбасы атауы

Ұраны

«Бірлігіміз жарасқан – бақытты біз жанұя!»

«Тату отбасы – бақыт мекені!»

«Әкем, анам және мен – өнерлі тату жанұя!»

III. Шеберлік сағаты

1-бөлім: «Бақытты отбасы» коллаж жасау

Қажетті құралдар:

Түрлі түсті қағаз

Желім

Қайшы

Стикерлер

Тапсырма:

Суреттер

Отбасылар бірігіп «Бақытты отбасы» тақырыбында постер немесе коллаж жасайды.
Әр отбасы өз жұмысын таныстырады.

2-бөлім: «Жүректен жүрекке»

Әр отбасы мүшесі бір-біріне жылы сөз айтады.

«Анашым, сізді жақсы көремін!»

«Әке, сіз менің қорғанымсыз!»

«Біздің отбасымыз ең мейірімді!»

3-бөлім: Қызықты ойындар

«Бірге сурет саламыз»

Ата-ана мен бала бір суретті бірге аяқтайды.

«Кім жылдам?»

Шар жару, пазл құрастыру, отбасы мүшесін сипаттау ойындары.

«Мейірімді алақан»

Қағаз алақанға отбасы мүшелерінің жақсы қасиеттерін жазу.

IV. Сергіту сәті

бақытты баламыз»

«Әке туралы жыр»

Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

Отбасы – адам өміріндегі ең қымбат құндылық.

Бала бақытты болуы үшін отбасының махаббаты мен қолдауы қажет.

Бүгінгі кездесуде сіздер бір-біріңізге қуаныш сыйлап, жақсы көңіл күй сыйладыңыздар.

Марапаттау номинациялары:

«Өнерлі отбасы»

«Үлгілі жанұя»

«Шығармашыл отбасы»

ұйымшыл отбасы»

«Мейірімді отбасы»

Соңғы тілек:

Отбасыңыз әрдайым шаттыққа, берекеге толы болсын!

Балалардың күлкісі әр шаңырақтан үзілмесін!

«Біз

«Анашым»

V.

«Ең



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Анашым – асыл қазынам»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Тілексеріңді: 

Тақырыбы: «Анашым – асыл қазынам»

(Балабақшаға арналған мерекелік ертеңгілік)

Мақсаты:

Балалардың анаға деген сүйіспеншілігін арттыру, анаға құрмет пен мейірім сезімін тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Армысыздар, аяулы аналар, ардақты қонақтар!

Бүгінгі мерекеміз ең қымбат жан – аналарға арналады.

Өлең: Ана деген – асыл жан,

Мейірімі кең ғалам.

Бізді өсірген, әлпештеп,

Анамызға мың тағзым!

1-бөлім: Балалардың құттықтауы

Балалар ортаға шығып:

«Анашым, мен сізді жақсы көремін!»

«Сіз менің ең қымбат адамымсыз!»

Хормен: Ана – өмірдің шуағы,

Ана – жүректің жыры!

2-бөлім: Ән

Ән: «Анашым»

3-бөлім: Би

Қыздар биі: «Гүлдер биі» (аналарға арналған нәзік би)

4-бөлім: Ойын

Ойын: «Анамды тап»

Балалар аналарының суретін немесе дауысын табады.

Ойын: «Көмекші бала»

Балалар аналарға көмектесу әрекеттерін көрсетеді (киім жинау, гүл сыйлау т.б.)

5-бөлім: Сыйлық тапсыру

Балалар өз қолдарымен жасаған ашықхаттарын аналарға сыйлайды.

Қорытынды

Жүргізуші: Ана – өмірдің тірегі,

Ана – жүректің нұры.

Барша аналарды мерекемен құттықтаймыз!

Хор: Анашым – асыл қазынам!



HAPPY DAYS



ka waii



REMEMBER 24 2020

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Жасыл балабақша»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.А.Д

2025-2026ж

Әлкенсерідегі: 

Тақырыбы: «Жасыл балабақша»

Мақсаты:

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

Табиғатты қорғау туралы қарапайым түсінік беру

Қоршаған ортаны ластамауға үйрету

Қайта өңдеу, үнемдеу дағдыларын дамыту

Топтық жұмысқа баулу

Іс-шара барысы

1. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

«Бүгін біз “Жасыл балабақша” экологиялық акциясын бастаймыз. Табиғат – біздің ортақ үйіміз!»

Балалар «Табиғатты қорғайық!» ұранымен кіреді.

2. Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрып:

«Ағашты сындырмаймыз»

«Суды ластамаймыз»

«Гүлдерді қорғаймыз» деп бірге қайталайды.

3. Ойын-ситуация «Табиғатқа көмектес»

Балаларға тапсырмалар беріледі:

Қоқысты бөлек жинау (пластик, қағаз)

Құрғақ жапырақтарды себетке салу

Гүлдерді суару

4. Шығармашылық бөлім

«Жасыл әлем» сурет байқауы

Ағаштар, гүлдер, өзен, құстар салу

Ұжымдық плакат жасау: «Табиғатты қорғайық!»

5. Тәжірибе бөлімі (шағын экосабак)

Тұқым отырғызу (асбұршақ, бидай)

«Өсімдікке не керек?» түсіндіру (су, жарық, топырақ)

6. Қимылды ойын

«Таза табиғат» ойыны

Жасыл белгі – қозғалу

Қызыл белгі – тоқтау

Қоқыс көрсе – жинау

7. Ән мен би

«Табиғатым – байлығым» әні

Жапырақтар биі немесе гүлдер биі

8. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші қорытындылайды:

«Біз табиғатты қорғау – әр адамның міндеті екенін білдік»

Балаларға:

«Жасыл дос» сертификаты

Белгіше (жапырақ, гүл) беріледі

Қосымша идеялар:

«Жасыл бұрыш» ашу (топта өсімдік күту)

Ата-анамен бірге ағаш отырғызу

Қайта өңделген заттар көрмесі

«Эко-пошта» (табиғатқа хат жазу)

Тақырыбы: «Бір жылда не үйрендік?»

Мақсаты:

Жыл бойғы оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін саралау

Балалардың даму жетістіктерін көрсету

Ата-ана мен балабақша арасындағы байланысты нығайту

Алдағы оқу жылына жоспар құру

Жиналыстың барысы

1. Кіріспе сөз

Тәрбиеші:

Құрметті ата-аналар мен әріптестер!

Бүгін біз бір жыл бойы атқарылған жұмыстарымыздың нәтижесін қорытындылап, балаларымыздың жетістіктерін бірге саралаймыз.

2. Жылдық жұмысқа шолу (презентация/слайд)

Оқу-тәрбие жұмысы

Ашық сабақтар

Мерекелік ертеңгіліктер

Қолөнер көрмелері

Сауалнама және ата-анамен жұмыс

Экологиялық, шығармашылық іс-шаралар

3. Балалардың жетістіктері

Тәрбиеші қысқаша айтады:

Бір жыл ішінде балаларымыз:

Сөйлеу дағдыларын дамытты

Өлең, тақпақ жаттауды үйренді

Ұжыммен жұмыс істеуге бейімделді

Қол моторикасы дамыды

Математикалық алғашқы түсініктерді меңгерді

Достық, тәртіп, мәдениет дағдыларын қалыптастырды

4. Қызықты сәт: «Біз не үйрендік?»

Балалармен шағын көрініс немесе ойын:

Тақпақ айту

Жыл мезгілдерін атау

Сұрақ-жауап ойыны

Қысқа ән орындау

5. Ата-анамен пікір алмасу

Сұрақтар:

Балаңызда қандай өзгеріс байқадыңыз?

Балабақша жұмысына ұсынысыңыз бар ма?

Алдағы жылға қандай тілектеріңіз бар?

6. Тәрбиешінің қорытынды сөзі

Бір жыл – үлкен еңбек пен жетістікке толы кезең болды.

Балаларымыздың әрбір қадамы – біздің ортақ қуанышымыз.

Алдағы уақытта да бірге жұмыс істеп, балаларымыздың жарқын болашағына үлес қосамыз.

7. Марапаттау

«Белсенді бала»

«Шығармашыл бала»

«Үлгілі тәртіп»

«Ең еңбекқор ата-ана»

8. Қорытынды

Қатысқандарыңыз үшін рахмет!

Балаларымыздың болашағы жарқын болсын!

